ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ БАСҚАРМАСЫНЫҢ «ОБЛЫСТЫҚ ФТИЗИОПУЛЬМОНОЛОГИЯ ОРТАЛЫҒЫ» ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮРГІЗУ ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК КӘСІПОРНЫ

КОМУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ ПРЕДПРИЯТИЕ НА ПРАВЕ ХОЗЯЙСТВЕННОГО ВЕДЕНИЯ «ОБЛАСТНОЙ ЦЕНТР ФТИЗИОПУЛЬМОНОЛОГИИ» УПРАВЛЕНИЯ ЗДРАВООХРАНЕНИЯ КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

"06" 02 2026ж

№ 123-Н/К

Қызылорда қаласы

город Кызылорда

«Мемлекеттік сатып алуды бір көзден алу тәсілімен тікелей шарт жасасу арқылы жүзеге асыру туралы»

Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 01 шілдедегі №106-VIII санды «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 16-бабына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «КМИС және ИС МПТ техникалық қызмет көрсету қызметтері Дамумед бағдарламалық өнімі Мемлекеттік кәсіпорынның бухгалтерлік есебі 8 ПЛАСТ қызметтер» қызметін сатып алу бойынша Тапсырыс берушілер Заңның 16-бабы 3-тармағының 28-тармақшасына сәйкес шартты тікелей жасасу жолымен бір көзден мемлекеттік сатып алу шарт жасақталсын.
2. Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы қағидаларда белгіленген сатып алуды өткізу рәсімдерінің сақталуын қамтамасыз етсін.
3. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жасауды өзіме қалдырамын.
4. Осы бұйрық қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Негіздеме: Мемлекеттік сатып алудың бекітілген 2026 жылға арналған жылдық жоспары.

Директор **С.А. Усейнов**

000123

Мемлекеттік сатып алулар туралы шартты бір көзден жасауды реттейтін мемлекеттік сатып алу жөнінде негіздеме

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауынан дәйексөз «Әділ мемлекет. Бір ұлт. Өркендеген қоғам», 1 тарау Жаңа экономикалық саясат: - «Бізге мемлекеттік сатып алудың сапалы жаңа жүйесін құру керек. **Ең төменгі баға емес, сатып алынатын тауарлар мен қызметтердің сапасы басымдық болуы керек**».

2022 жылдан 2024 жылға дейінгі кезеңде тауарлар мен қызметтер баға ұсыныстарын сұрату, ашық конкурс арқылы сатып алынды, тәжірибе сатып алынған тауарлар мен қызметтердің сапасыз екенін көрсетті, бұл туралы Мемлекет басшысы өз Жолдауында атап өтті.

Көбінесе бір реттік және ай сайынғы қызметтерді көрсететін өнім берушілер байланысқа шықпайды, қызметтерді үзіліспен көрсетті, сапасыз тауарларды жеткізіп, сол арқылы мемлекеттік кәсіпорындарға, мекемелерге және жалпы мемлекетке зиян келтіреді, өйткені мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелер мемлекет атынан шығып отыр. Тауарлар мен қызметтердің төмен бағалары мен сапасының төмендігі нәтижесінде мемлекеттік сатып алулар туралы шарттар бұзылып, жаңа сатып алу рәсімдері жүргізілді, бұл өз кезегінде мемлекеттік саясаттың күткен нәтижелеріне әкелмеді. Қайта сатып алулар процесстері мерзімдердің кешігуіне және қаражаттың игерілмеуіне әкелді, бұл рейтингтерге, заттық және материалдық емес нәтижелерге ие болған тапсырыс берушінің қажеттіліктерін қанағаттандыруға теріс әсер етті. Аз сомаға сатып алу сапасыз және жосықсыз өнім берушілердің көбеюіне, сондай-ақ қажетсіз әкімшілік істердің туындауына алып келді.

Осыған байланысты, Мемлекет басшысының Жолдауын іске асыру мақсатында және 16-бап 3-тармақ 28-тармақша, егер біртекті тауарлардың құндық мәндегі жылдық көлемі айлық есептік көрсеткіштің бір жүз еселенген мөлшерінен аспаса, осындай біртекті тауарларды, егер біртекті жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің құндық мәндегі жылдық көлемі айлық есептік көрсеткіштің бес жүз еселенген мөлшерінен аспаса, осындай жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді, ал аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттары үшін республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің төрт мың еселенген мөлшерінен аспаса, сатып алу «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңы бойынша, сонымен қатар басқа компаниялардың альтернативасы негізінде, ең төмен баға таңдалып, оның ішінде **сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің бағасы мен сапасы арақатынасын** қамтамасыз ету арқылы оңтайлы және тиімді жұмсау негізінде «КМИС және ИС МПТ техникалық қызмет көрсету қызметтері Дамумед бағдарламалық өнімі Мемлекеттік кәсіпорынның бухгалтерлік есебі 8 ПЛАСТ қызметтер» **бойынша** қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден сатып алу туралы шешім қабылданды.

Әлеуетті өнім берушілердің коммерциялық ұсыныстары:

1. "Green soft" ЖК (БСН 600825301851)
2. "Мурагер" ЖК (БСН 881012302501)
3. "Ақерке" ЖК (БСН 720829301749)

Ұсынылған бағалық ұсыныстардың ең төмен бағасы негізінде қызмет көрсетуші - "Green soft" ЖШС таңдалды.

Директор **С.Усейнов**

Директордың орынбасары **Б.Смаханов**

Мемлекеттік сатып алу қорытындыларын бекіту туралы шешім

Қызылорда қаласы **«06» ақпан 2026 жыл**

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі №106-VIII Заңының (бұдан әрі - заң) 16-бабы 3-тармағының 28) тармақшасының негізінде өнім берушіні таңдауды және онымен Мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасуды регламенттейтін мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу жолымен бір көзден алу тәсілімен «КМИС және ИС МПТ техникалық қызмет көрсету қызметтері Дамумед бағдарламалық өнімі Мемлекеттік кәсіпорынның бухгалтерлік есебі 8 ПЛАСТ қызметтер» қызметтерін сатып алу.

«Green soft» ЖК, «Мурагер» ЖК және «Ақерке» ЖК-ң баға ұсыныстарын салыстыру нәтижесінде, Заңның 5 бабы 1 тармағының 1 тармақшасының негізінде, мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны, оның ішінде **сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің бағасы мен сапасы арақатынасын қамтамасыз ету арқылы оңтайлы және тиімді жұмсау негізінде, ШЕШІЛДІ:**

Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық фтизиопульмонология орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны ең кем баға ұсынған, «Green soft» ЖК-мен 1 926 000 теңге 00 тиын (ҚҚС –сыз) шарт жасалсын.

Директор **С. Усейнов**

Директордың экономика жөніндегі орынбасары **Б. Смаханов**